

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	02.01-06.01.2023ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	"Ұйқы жетіспеушілігінің зияны" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу; балалардың үйде күн тәртібін				

әңгімелесу, кеңес беру	сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үйді өздігінен тазалай білуін, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білуін қалыптастыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүрту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салу.
			Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Қимылдарды қайталаймыз". Мақсат-міндеттер. Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Педагог қандай да бір қимылды көрсетеді, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды.	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Суреттерді салыстырамыз". Мақсат-міндеттер. Педагог балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ біраз өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын табуды ұсынады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі,	Саусақ жаттығуын айтқызу. Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету), Ұшып барады, асықпай (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату). Айналып, оңға ұшып (қолдармен бір жаққа бұраңдау),

			Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім қателессе, сол жүргізуші атанады. (дене шынықтыру)	математика негіздері) Санамақтар айтқызу. "Кел, санайық санамақ". Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, үш. Төрт, бес, алты, жеті, Төрт, бес, алты, жеті, Мынау - ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон. Асықпа да саспа, Бірден қайта баста. (қазақ тілі, математика негіздері)	Айналып, солға ұшып (қолдармен екінші жаққа бұраңдау). Мамықтай жерге түсіп (алақандармен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру), Тыныш жатыр, бізді күтіп (алақандарды үстел басына, тізеге салу). (сөйлеуді дамыту)
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен). 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.2. Бастапқы қалып.				

	2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында. 3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады. 3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық			Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған			Қысқы демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар,	Қысқы демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар,	Қысқы демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар,

іс-әрекет			театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен			Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың	Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Болжау. Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын. Мақал-мәтел. Қыс қандай болса, жаз да осындай. Байқау: жылы күндері жауған қар жабысқақ болады, қар жабысқақ, аққала жасауға ыңғайлы	Қар басуын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Ұстай қалсаң еріп кетер, Өуре болма теріп бекер. (қар) Болжау. Қар түссе - күн жылынады Бақылау: балаларға қардың түсуі жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы

		қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға өлшеуішті көрсету және әр жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. Қимылды ойын: «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру) Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Еңбек. (еңбек дағдылары) Гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. Қар тоқтату	болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. Қимылды ойын. «Бәйге». (дене шынықтыру) Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді). Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. Еңбек. Тәрбиешіге қардан жолды	айту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді жерді қымтайды. Қимылды ойын. «Қармен ойнау». (дене шынықтыру) Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру. Еңбек. (еңбек дағдылары) Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу. Өз бетімен ойындар.
--	--	--	--	--

			жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. Өз бетімен ойындар. Өз құрдастарымен 2-3 рольден тұратын ойын ойнағанда, бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету.	тазартуға көмектесуге тарту. (еңбек дағдылары) Тәжірибе. Қардың қасиеттері. 1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады. 2. Қарға су құйсаң, ол мұз болып қатады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады. Қортынды. Қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық.	Тыныш қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; дербестілігін және бастамашылдығын көтермелеу.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтеңкесін белгілі ретпен шешуі; жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; көбік пайда болғанша қолдарын көбітіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес			Вариативті	"Қыс белгілерін	"Аққаланы

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			компонент/Шығармашылық "Аңдарға қысқы үйшік". Мақсат-міндеттер. Балалардың жабайы аңдардың қысқы тіршілігі жөнінде білімдерін кеңейту; аңдарға арналған қысқы үйшік бөлшектері туралы түсінік беру; ормандағы аңдардың тіршілік ерекшеліктерімен таныстыру. "Қоян түріп құлағын" саусақ жаттығуы. "Көрнекі үйшік" құрылыс ойыны. Текшелерден көрнекі ғимарат құрастыру. (құрастыру)	ажыратамыз" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу. Барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдеріне тән белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Балалар суреттерді тез қойып шығады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	құрастыр" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту. Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады. Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп көркем сөзді айтады,
---	--	--	---	--	---

					қимылдар жасайды. Аққала денесі дөп- дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу) Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу) Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау) Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу) (сөйлеуді дамыту)
Балалармен жеке жұмыс			Суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер. "Қыс" мезгілінің	"Қар" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.	Суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер. "Қыс қысығы"

			ерекшеліктері бейнеленген сюжетті суреттерді қарастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	"Қар" (Тілеген Шопаев) Жауды міне, қар аппак, Айналаның бәрі аппак. Жасырыпты жолдарды: Тегістепті орларды. Үстін жауып көлдердің, Бетін бүркеп белдердің. Жастық етіп тауды асқақ Жантайыпты жамбастап. Жантайыпты жамбастап. (көркем әдебиет)	тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қоя және толық жауапты талап ету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
Балалардың үйге қайтуы (ата- аналарға кеңес)			Психолог кеңесі. "Баланың тілін қалай дамытамыз?"	Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	Ата-аналарға кеңес. "Демалысты қалай өнімді өткізуге болады?"

Тексерген: Бекишева М.А. 

